



Цифрлық әдіскер

ақпараттық-білім беру ортасы

ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ

Web технологиялар

HTML, CSS және JavaScript негізінде веб-беттер құру — World Wide Web-тің жұмыс принциптерінен бастап интерактивті беттерге дейін.

HTML және гипермәтін

CSS стиль кестелері

Кестелер, фреймдер, формалар

JavaScript негіздері

КЕШЕН

Дәріс сабағының құрылымы: HYPERLINK "../Мои документы/Downloads/HTML2.doc"World Wide Web Интернет-технология туралы түсінік Компьютерлік желілер

HYPERLINK "../Мои документы/Downloads/HTML2.doc"World Wide Web

Интернеттің қазіргі дамуы 90-жылдар басында компьютерлер арасында мәлімет алмасудың жаңа хаттамасы (protocol) пайда болғаннан кейін басталды. Бұл хаттама HTTP (Hyper Text Transfer Protocol- гипермәтінді тасымалдау хаттамасы) деп аталған болатын. Осы хаттамамен қатар HTTP серверлерінің кеңейтілген желілері болып табылатын, Интернет арқылы файлдар тасымалдай алатын World Wide Web қызмет бабы (WWW немесе тек Web) пайда болды. Бұл файлдардың басым көпшілігі Web- парақтар түрінде HTML (Hyper Text Markup Language – гипермәтінді белгілеу тілі) тілінде жазылған арнаулы файлдар түрінде болады. Осы файлдарды HTTP серверлерінде (Web-топтарында) орналастыру жолымен Web-парақтар қалың көпшілік пайдаланатындай түрде Интернетте жарияланады. Web- парақтар мазмұны әртүрлі бола береді және олар әртүрлі тақырыптарды қамтиды, бірақ олардың бәрінің де негізгі жариялану яғни жазылу тілі HTML болып табылады. Осындай HTML құжаттарының бәрінің де файл аттарының кеңейтілуі (тіркеуі) HTM немесе HTML болуы тиіс. HTML тілі World Wide Web қызмет бабымен бірге дами отырып, Web – парақтарының ең жақсы деген мүмкіндіктерін жүзеге асырып, оны кең пайдалану жолдарымен толықтырылып отырады. Ол World Wide Web жүйесінің негізі бола отырып, оның өте кең тарауына себепші болды. World Wide Web сөзі қазақ тіліне кеңейтілген бүкіләлемдік өрмек болып аударылады. HTML тілінің мағынасы мен атқаратын қызметін оның атынан анықтауға болады.

Интернет-технология туралы түсінік

Қазіргі кезде Internet те телефон, факс, сияқты адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Адамдардың барлығы қандай да бір ақпарат алу, бір-бірімен сөйлесу мақсатында Internet деп аталынатын дүниежүзілік өрмекте саяхат жасайды. Internet дегеніміз глобальді желі. Интернет физикалық мағынасында бір-бірімен байланыс линиялары арқылы байланысқан бірнеше миллиондаған компьютерлер деп қарастыруға болады. Бірақ Интернетті физикалық мағынада емес, оны ақпараттық кеңістік деп қарастырған дұрыс. Интернетті ішінде мәліметтердің үздіксіз циркуляциясы жүретін кеңістік ретінде қарастыруға болады. Интернеттің теле және радиоэфирден айырмашылығы – эфирде ешқандай ақпарат сақталынбайды, ал Интернетте ол желінің түйіндерінде болатын компьютерлер арасында орын ауыстырады да, қандай да бір уақыт аралығында қатты дискіде сақталады. 2 немесе одан да көп компьютерлер арасындағы физикалық байланысу компьютерлік желі деп аталынады. Жалпы компьютерлік желілерді құру үшін арнайы аппараттық қамсыздану және арнайы бағдарламалық қамсыздану қажет.

Компьютерлік желілер

Компьютерлік желілер аппаратты ресурстардан басқа қосымша программалық ресурстарды да пайдалануға мүмкіндік береді. Компьютерлік желілер локалді және глобальді болып бөлінеді. Интернет – глобальді желі. Қазіргі кезде әлемде 200-ден астам глобальді желілер бар. Барлық әлемдегі глобальді есептеуіш желілер өзара Интернет көмегімен байланысқан. ҒЕЖ-де жұмыс істеу үшін сәкес аппаратты және программалық қамсыздану болу керек. Барлық қамсыздану 2 топқа бөлінеді:

1. Бағдарлама-серверлер - қолданушының компьютеріне қызмет көрсететін желі түйінінде орналасатын бағдарламалық қамсыздану.
2. Бағдарлама-клиенттер – қолданушының компьютерінде орналасады және сервердің қызметін пайдаланатын бағдарламалық қамсыздану.

Өзін-өзі тексеруге арналаған сұрақтар: Интернет деген не? Интернет – технологиялар деген ұғымға қандай анықтама бере аласыз? Желі деген не? Желінің қандай түрлері болады? Қамсыздану түрлерін атаңыз.

Ұсынылатын әдебиет:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Учебник.-СПб: Питер, 1999.
2. Комер Д. Принципы функционирования Интернета СПб: Питер,2002

Дәріс 2. Интернеттің ұйымдастырылуы

Дәріс сабағының құрылымы: Интернеттің жұмыс істеу принципі. Интернетпен жұмыс істеу кезінде кездесетін негізгі ұғымдар. Интранет туралы түсінік.

Өзара әсерлесетін және бір-бірімен байланысқан компьютерлер тбы өрмекті құрайды. Интернет – бүкіл әлем бойынша таратылған мыңдаған кіші желілерден тұратын компьютердің үлкен өрмегі. Интернеттегі компьютерлер бір ортақ тілде сөйлеседі, ал бұл тіл протоколдарда бекітілген. Протокол деген желідегі компьютерлердің өзара әрекеттесу механизмін анықтайтын жалпыға бірдей ережелер жиынтығы. Интернеттегі мәліметтермен алмасуға арналған стандартты протоколдар: TCP және IP. Осы екі протоколдың комбинациясы TCP/IP тірінде болады. Интернетке қатысты қолданылатын терминдер: Айна - алыста орналастырылған атақты сервердің көшірмесі болатын сервер. Прокси-сервер - -желідегі жүктемені төмендететін және желідегі іс-әрекетті тездететін компьютер. Шлюз -әр түрлі протоколдармен жұмыс жасайтын әр текті екі желіні біріктіретін бағдарламалық-аппараттық құрал. Брандмауэр – қорғауға алынған желіге санкциясыз енуді тоқтатын аппараттық құрал. Маршрутизатор – бірнеше каналдармен жұмыс істейтін құрылғы. Маршрутизациялау – ақпараттың жіберілу жолын таңдау процедурасы. Интернет көптеген әр түрлі ұйымдардың компьютерлерін біріктіретін болса, Интранет бір ғана ұйымның ішіндегі компьютерлерді біріктіреді. Интранеттегі ақпарат тек қана сол ұйымның адамдары пайдалана алады. Интранет желілері электронды пошта секілді бизнес үшін өте тиімді коммуникациялық құрал болып табылады.

Өзін-өзі тексеруге арналаған сұрақтар: Интернеттің жұмыс істеу принципі қандай? Интернеттегі жұмыс қалай ұйымдастырылады? Интранет деген не? Интранеттің негізгі ерекшеліктері қандай?

Ұсынылатын әдебиет:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Учебник.-СПб: Питер, 1999.
2. Комер Д. Принципы функционирования Интернета СПб: Питер, 2002

Дәріс 3. Интернетке қосылу

Дәріс сабағының құрылымы: Жүйелердің қосымша бөліктерінің салу принциптері.

1. Трафикты локалдау және желілерді қаптау

1. Бірнеше компьютерлер арасында жобалау және есептерді шығаруды жеңілдету үшін ол жүйені бірнеше бір-бірімен байланысқан топтарға бөлінеді. Жүйе арқылы алмасу жүріп жатқанда екі торап келесі ережелерді сақтауы тиіс: Электрлік сигналдардың түрін және деңгейлерін келістіру, Берілістердің ұзындығын анықтау әдістері, Бақылау әдістері. Келісімдер мәліметтерді интерпретациясын анықтайтын, биттарды беру ең кіші деңгейден үлкен деңгейлерге дейін барлық деңгейлерге бірдей болу керек. Бір деңгейдегі берілістердің форматын және тізбегін анықтайтын ондай формалданған ережелерді протоколдар деп атайды. Иерархиялық жүзеге асырылған протоколдардың жиынтығын коммуникациялық протоколдардың стеки деп атайды. Желілік деңгей біріншіден келесі есептерді шығару үшін құралдармен қамтамасыз ету керек: Еркін топологиясы бар желілерге пакеттерді жеткізу, Желіні сенімді локалды трафиктың арқасында құрылымдау, әртүрлі протоколдардың каналдық деңгейледің келісуі.
1. Желідегі трафик кездейсоқ ретімен орналасады, бірақ онда кейбір заңдылықтар көрсетіледі. Кейбір жалпы есеппен жұмыс істейтін қолданушылар (мысалы, бір бөлімнің қызметкерлері) көбінесе бір-біріне немесе жалпы серверге сұраумен қатынасады. Сол кезде олардың басқа бөлімдердің компьютерлерінің ресурстарымен қолдануы қажет болады. Сондықтан жүйенің құрылымы мәліметтердің ағынының құрылымына сәйкес келу керек. Жүйедегі трафигіне байланысты компьютерлер бірнеше бөлімдерге (сегменттерге) бөлінуі мүмкін. Егер бір-бірімен қатынасатын компьютерлердің сұраулары мен жауаптары осы топтың компьютерлеріне арналса, онда олар бір бөлімге жинақталады. Жүйені сегменттерге бөлу үшін мосттар мен коммутаторлар қолданылады. Олар сегменттің ішіндегі локалды трафикті сыртқа ешқандай кадрларды бермей экрандайды, тек қана басқа сегменттерде орналасқан компьютерлерге арналған кадрлардан басқа. Сонда жүйе бірнеше жүйелерге бөлінеді. Ол бір топтың ішіндегі трафиктың жиілігін және топтардың арасындағы алмасудың активтігін ескере отырып байланыс бөлімдерінің өткізу мүмкіндігін рационалды түрде таңдау мүмкіндігін тудырады. Бірақ трафикты мосттардың және коммутаторлардың көмегімен локалдаудың да Однако локализация трафика средствами мостов и коммутаторов имеет существенные ограничения. Бір жағынан жүйенің мосттардың арасында орналасқан логикалық сегменттері бір-бірінен дұрыс оқшауланбаған, өйткені олар кеңдік толқындарынан қорғалмаған. Егер қандай да бір станция кеңдік толқындары арқылы мәліметтерді жіберсе, онда ол мәліметтер жүйенің станцияларының барлық логикалық сегменттеріне беріледі. Мосттардың көмегімен салынған кеңдік толқындарынан қорғану үшін: администратор тек бір түйінге генерирлеуге рұқсат етілген кеңдік толқындарының пакетын шектейді. Екінші жағынан комутаторда жасалған локалды жүйелердің виртуалды сегменттердің механизмдерін пайдалану трафиктың толық локалдауына әкеліп соғады- ондай сегменттер бір-бірінен толық оқшауланған. Сонда мосттар мен комутаторлардың көмегімен салынған жүйелердегі

әртүрлі виртуалды сегменттерге жататын компьютерлер біркелкі жүйені құрамайды. Мосттармен коммутаторлардың келтірілген кемшіліктері олардың каналдық деңгейлердің протоколдарымен жұмыс істеуіне байланысты. Ол протоколдарда үлкен жүйені құрылымдау кезінде пайдалануға болатын жүйенің бөлігі немесе сегментті анықталмайды. Жүйелік технологияларды жобалаушылар каналдық деңгейлерді жетілдірудің орнына ол есепті жүйелік деңгейлерге жүктеді.

Өзін-өзі тексеруге арналаған сұрақтар: Жүйе арқылы алмасу жүріп жатқанда екі торап қандай ережелерді сақтауы керек? Протокол деген не? Трафик деген не? Жүйені сегменттерге бөлу үшін не қолданылады?

Ұсынылатын әдебиет:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Учебник.-СПб: Питер, 1999.
2. Комер Д. Принципы функционирования Интернета СПб: Питер, 2002

Дәріс 4. Интернеттің қызмет көрсетуі

Дәріс сабағының құрылымы: Интернет ерекшеліктері Почталық байланыс Интернетпен байланысу

Интернеттің қарапайым желілік нүктелері өкімет мекемелерінде, университеттерде, коммерциялық фирмаларда, жергілікті кітапханаларда, мектептерде де орналасқан. Интернеттің бір ерекшелігі оның құрамындағы көптеген компьютерлер нақты BBS тәрізді жұмыс істейді. Мұның өзі Интернетке қосылу деген – басқа жерлерде тұрған 1000-даған компьютерлік жүйелермен байланысу деген сөз. Интернет ақпарат магистраліне өте ұқсас, институт, мектеп терминалы арқылы оған жеңіл кіруге болады, ол үшін Интернеттегі жүйенің нөмірін теру керек. Мұнан кейін керекті жердегі желі нүктесімен байланысып, өзіңізге қажет материалдарға қол жеткізесіз. Интернетпен байланысқан провайдер компаниясы деп аталатын мекемелер әрбір компьютерді Интернетке қосып бере алады. Желіге қосылудың бірнеше түрі бар: тұрақты қосылып тұрмайтын байланыстар; қосылып тұратын тікелей байланыстар; почталық байланыстар. Интернетпен қосыла латаын бірнеше почталық байланыс түрлері бар. Провайдері CompuServe America Online болып келген компьютерлер бірден Интернетпен почталық байланысқа кіре алады. Бұл ортада әр түрлі тақырыптардағы дискуссияларға қатысу үшін LISTSERV жүйесін пайдаланған дұрыс. Осы сияқты почталық байланыстар желілік шлюздер деп аталады. Бізге кенеттен бір файл керек болып қалды делік. Оның қай жерде екені бізге белгілі болсын. Ол файл тегін берілетін программа, жұмысқа керекті ақпарат, сурет немесе кітап болуы мүмкін. Енді осы файлды өз компьютерімізге қалай әкелу жолын қарастырайық. Мұндай мақсат үшін файлды тасымалдау протоколы деп аталынатын жүйе қолданылады. Каталог немесе почталық хабарда файлдарды алу үшін компьютерге FTP жеткізу деген сөздер жиі кездесуі мүмкін. Ол осы файлды алу үшін FTP жүйесі қолданылатынын білдіреді. FTP арқылы қызмет енетін арнайы программасы бар желіге қосылған компьютер FTP-сервер деп аталады. Көптеген FTP –серверлер барлық адамдар үшін ашық болады, кез келген жан одан администратор рұқсатымен әр түрлі мәліметтер ала алады. Бұл тәсіл анонимдік FTP деп аталады.

Өзін-өзі тексеруге арналаған сұрақтар: Интернетке қандай ерекшеліктер тән? Почталық байланыс қалай жүзеге асады? Провайдер деген не? FTP жүйесі деген не? FTP-сервер деген не?

Ұсынылатын әдебиет:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Учебник.-СПб: Питер, 1999.
2. Комер Д. Принципы функционирования Интернета СПб: Питер, 2002

Дәріс 5. Электрондық почта

Дәріс сабағының құрылымы: Электронды почта туралы түсінік. Хатты толтыру. Телеконференциялар. Файлдың серверлері.

Электрондық почта қашықта орналасқан абоненттермен компьютер арқылы байланысудың ең ыңғайлы түрі болып табылады. Мәліметті өте жылдам, әрі толық күйінде оны өзгертпей барар жеріне сенімді түрде жеткізетіндіктен, қазіргі почта қызметінің ертеңі электронды почта болады деп күтілуде. Электрондық почта кез келген құжатты – ол мейлі қызмет жайлы жалпы мәлімет бола ма немесе жай хабар түріндегі мәтін бола ма – бәрі бір олардың ақпараттық негізін бірдей түрде нық ұстап, нақты әрі сенімді түрде жеткізе алады. Электрондық почтаны пайдалану кезінде компьютерде әр түрлі арнаулы программалар қолданылады және олардың қажеттілігіне қарай бірінен біріне жеңіл ауысып отыруға болады. Мұндай программалар мынадай жұмыс атқарады: алынған мәліметтерді талдау және жаңа мәліметер дайындау; байланыс торабымен жылдам мәлімет алмасу.

1. Кәдімгі почта тәрізді электрондық почта да бір абонент пен екінші абонент арасында мәлімет алмасу үшін қолданылады. Жіберілетін мәліметте екі адрес көрсетілуі тиіс: хатты жіберуші және оны алушының аты-жөні мен

оның компьютерінің желідегі адресі көрсетіледі. Хат иесінің адресін компьютер автоматты түрде өзі толтырады. Бұған қоса электрондық почта адрестерінде мынадай мәліметтер жазуға болады:

2. мәлімет тақырыбының қысқаша сипаттамасы;
3. хаттың көшірмесі тағы қандай адрестерге жіберілуі тиіс. Электрондық почта жұмысы барысында хаттың тақырыбына қоса оның жіберілген мерзімі, уақыты т.с.с. керекті мәліметтер тіркеліп қлады.
4. Көптеген желілер алғашқы ретте ғылыми, конструкторлық және оқу орындарын байланыстыратын жүйе ретінде жасалған болатын. Сондықтан ұжымдық пікір-талас жүргізуге арналған желі мүмкіндігі телеконференция деп аталып, ол белгілі бір салаға ғана қолдануға негізделген еді. Бірақ кейінен желілер практикада кең пайдаланылып, оның алғашқы ғылыми семинар, конференцияға арналған мүмкіндігі біршама шетте қала бастады. Телеконференция ұйымдастыру кәдімгі кітапхана немесе архив жұмысына ұқсас жүргізіледі. Мұнда да көпсатылы тақырыптық каталогтар мен олардағы мәліметтерді сақтау ісі ұйымдастырылады.
5. Бірсыпыра байланыс тораптарының файлдық серверлері өз абоненттеріне өздерінде жинақталған ақпараттық материалдарды, яғни файлдар архивін пайдалануды ұйымдастырып жүр. Ол материалдар мәтіндік құжаттардан, кітаптардан, сызбалардан, компьютерлерге арналған программалардан т.б. тұрады. Бұл мәліметтер ұзақ уақыт сақталады және олардың көлемі де үлкен болады.

Өзін-өзі тексеруге арналаған сұрақтар: Электронды почта деген не? Электронды почтамен қалай жұмыс істеу керек? Электронды почтаның кәдімгі почтадан айырмашылығы қандай? Хатты толтыру қалай жүзеге асады? Телеконференциялар деген не? Файлдың серверлері қандай қызмет атқарады?

Ұсынылатын әдебиет:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Учебник.-СПб: Питер, 1999.
2. Комер Д. Принципы функционирования Интернета СПб: Питер, 2002

Дәріс 6. SDH желілері

Дәріс сабағының құрылымы:

SDH технологиясының пайда болуы SDH хаттамалары

1988 жылы мәліметтер жіберудің синхронды сандық иерархия (SDH) стандартының пайда болуы транспорттық желілердің дамуының жаңа кезеңінің негізін қалады. SDH технологиясы сенімді мәлімет жіберу ұйымымен кең пайдаланылады. Ол төмендегідей мақсаттар үшін қолданылады: Желілік қызметтерді қамтамасыз етуші провайдерлердің қарым-қатынасы үшін стандартты хаттама алу; Американдық, Еуропалық және Жапондық сандық жүйелердің углификациясы; Гега биттік жылдамдықта мультиплексерленген сандық сигналдарды қамтамасыз етеді; Эксплуатация функцияларын қолдауды және OADM техниканың қызмет көрсетуді (Operation, administration and maintenance-функциялану, администрация және техниканың құызмет) қамтамасыз ету; Синхронды жіберу жүйесі алдындағы жүйе (PDH) шектеулерін жеңіп қана қоймай, сонымен қатар ақпаратты жіберудің (накладные) шығыны төмендетті. Уникалды артықшылықтар қатары: барлық ақпаратты мультиплексерлемей – ақ төменгі жылдамдықтағы командирға рұқсаттың болуы, (высокая отказоустойчивость) мониторинг және басқарудың дамыған құрылғылары, тұрақты абоненттік байланыстарды жұмсақ (гибкость) басқару. Бұл жүйелер жаңа кезеңді бірінші желілерінің негізі болады.

SDH хаттамалардың етігі үш негізгі деңгейдегі хаттамалардан тұрады. Байланыс деңгейі – желінің ені қолданушылардың арасындағы мәліметтерді жіберуді бақылайды; Мәліметтерді жіберуді басқару деңгейі – физиканың және административтік бақылау операцияларын қамтиды, желідегі бір элементтің қайтып келуі (отказ) жағдайында әр түрлі реконфигурациялық операцияларды жүзеге асырады.

SDH желісін ұйымдастыру Физикалық деңгей, стандартына фотон (Photonic) деп аталады – свет модуляциясының көмегімен ақпарат биттерін кодтаумен жұмыс істейді. Қазыргы кезде SDH технологиясы перспективаны ғана емес, сонымен қатар транспорттық желі құру үшін де апробиривті табылады. Оны инвестициялық, эксплуатациялық және пайдаланушылық көз қараспен қарағанда бір неше артықшылықтар қатары бар. Ол артықшылықтарға төмендегілер жатады. Монтажда, эксплуатацияға және желінің дамуына, сонымен қатар жаңа тораптарға қосылудың шығындарын төмендететін тұрақты құрылымдық күрделілігі; Мүмкін болатын жылдамдықтың кең диапазоны -155,520 МБит/с – тан 2,488 ТБит/с – қа дейін (STM – 16) және жоғары; Командамен интеграция мүмкіндігі, себебі PDH – ның сандық командалары SDH желісі үшін кіретін командалар болып табылады; Орталықтандырылған мониторинг және басқару арқасында жүйенің жоғарғы сенімділігі, сонымен қатар резервтегі командаларды пайдалану мүмкіндігі; Қызметті динамиканың түрде ұсыну мүмкіндігі – жүйені инфоқұрлысына өзгертулер енгізбей – ақ, абоненттер үшін командалар динамикалық түрде құрылуы және басталуы мүмкін; Жүйе кеңейтілімін және интеграциясын жеңілдететін технологиясын

жоғарғы деңгейдегі стандартизациясы әртүрлі өнеркәсіптер құрылғылардың қолдануға мүмкіндіктер береді; Әлемде SDH стандартының кең таралуы; Айтылған артықшылықтар SDH технологиясына негізделген, инвестиция көз қарасынан рационалды болып табылатын шешім қабылдайды.

Өзін-өзі тексеруге арналаған сұрақтар: SDH технологиясы туралы түсінік. SDH технологиясы қалай пайда болды? SDH хаттамалары деген қандай хаттамалар? SDH технологиясының артықшылықтары қандай?

Ұсынылатын әдебиет:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Учебник.-СПб: Питер, 1999.
2. Комер Д. Принципы функционирования Интернета СПб: Питер, 2002

Дәріс 7. Интернеттегі қауіпсіздік

Дәріс сабағының құрылымы: Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғаудың мақсаттары. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды ұйымдастыру.

Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғаудың мақсаттары:

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау: Электрондық ақпараттық ресурстардың тұтастығын және сақталуын қамтамасыз ету, оларды рұқсатсыз өзгертуге немесе жоюға жол бермеу; Қол жетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстардың құпиялығын сақтау; Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын іске асыру; Электрондық ақпараттық ресурстарды өңдеу және оларды беру құралдарына рұқсатсыз ықпал етуге жол бермеу мақсатында құқықтық ұйымдастырушылық және техникалық (бағдарламалық техникалық) шараларды қабылдауды білдіреді;
 2. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау: Электрондық ақпараттық ресурстарды құрсаулау, яғни ақпараттық жүйеге және ол ұсынатын электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті шектеуге немесе жабуға әкелетін іс-қимылдар жасау; Электрондық ақпараттық ресурстарды түрлендіру, яғни бағдарламаға, деректер қорына, материалдық жеткізушідегі мәтіндік ақпараттарға өзгерістер енгізу; Электрондық ақпараттық ресурсты көшіру, яғни ақпаратты басқа материалдық жеткізушіге ауыстыру; Құқық иесінің рұқсатынсыз бағдарламалық өнімдерді пайдалану;
1. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды ұйымдастыру
 2. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды: Жалпыға бірдей қол жетімді электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты – электрондық ақпараттық ресурстарды тарататын тұлға; Қолжетімділігі заңмен шектелген электрондық ақпараттық ресурстары бар ақпараттық жүйенің меншік иесі, иеленушісі немесе ұлттық операторы; Қолжетімділігін олардың меншік иесі немесе иеленушісі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты – электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі немесе иеленушісі ұйымдастырады.

Өзін-өзі тексеруге арналаған сұрақтар: Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғаудың мақсаттары. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды ұйымдастыру.

Ұсынылатын әдебиет:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Учебник.-СПб: Питер, 1999.
2. Комер Д. Принципы функционирования Интернета СПб: Питер, 2002

Дәріс 8. Гипермәтіндік белгілеулердің принциптері

Дәріс мазмұны: Құжаттардың құрылымы. HTML тегінің топтары.

Гипермәтіндік белгілеулердің принциптері. Құжаттардың құрылымы

HTML – да тегтік модельдер құжаттың белгілеулері болып табылады. Тегтік модель құжатты тегпен басталып және аяқталатын контейнерлердің жиынтығы сияқты сипаттайды. Яғни HTML құжаты қарапайым ASCII-файлы сияқты көрсетіледі. Көбінесе HTML құжаттарының тегтерін түсіну және қолдану оңай, өйткені олар ағылшын тілінің сөздерімен пайдаланылған қысқартуларды және белгіленулерді түсінеді. HTML – тегі қажет емес тегтің атрибуттар тізімінен кейін болатын аттан құралады. Тегтің мәтіні бұрышты жақшалардан тұрады (< және >). Тегтің ең қарапайым оңай варианты – бұрыштық жақшаларға негізделген аты. Мысалға: <HEAD> немесе <i>. Қиын тегтер үшін, функцияның тегтерін видео өзгерту үшін автормен анықталған дәл мағынасы бар болатын атрибуттардың айырмашылығы сипатталады. Тегтердің

атрибутов атымен жүреді және бір немесе бірнеше табуляциялардың белгілерімен біріншісі екіншісінен бөлінеді. Тегте атрибуттардың жазылу реті қажет емес. Атрибуттардың мағынасы, егер ондай бар болса, атрибуттардың атынан кейін тұратын теңдік белгісінен кейін тұрады. Егер атрибуттың мағынасы бір сөз немесе сан болса, онда оны қосымша белгілемей – ақ теңдік белгісінен кейін көрсетуге болады. Барлық қалған белгілеулерді бір (') немесе екі (") тырнақшалармен аяқтау керек, әсіресе егер олар бірнеше пробелдармен бөлінген сөздерден тұрса. Атрибуттың ұзындығының мағынасы 1024 таңбамен шектелген. Атрибуттардың мағынасын айтуға болмайтын, тегтердің және атрибуттардың аттарында таңбалардың регистрі саналмайды. Мысалы, HREF атрибутының мағынасы ретінде басқа құжаттарда URL-ді енгізу кезінде керекті регистрді қолдану қажет. Көбінесе HTML-тегі арасында мәтін және құжаттардың басқа элементтері орналасатын бастапқы және соңғы компанеттерден тұрады. Соңғы тегтің аты бастапқы тегтің атымен бірдей, соңғы тегтің алдына қисық сызық (/) таңбасы қолданылады. Мысалы: шрифт тегінің – курсив түрі үшін <i>, оны жабатын қос былай белгіленеді – </i>, ал тақырып тегі үшін <TITLE>, оны жабатын қос былай болады – </TITLE>. Соңғы тегтер ешқашан атрибуттардан тұрмайды. Тегтер мағынасы әмбебап программалау тіліндегі тырнақшалардағы "begin/end" түсінігіне жақын. Жазылған тегті қолдану кезінде құжатта ерекше назар аударып отыру керек. Соңынан бастап біріншісіне дейін жазылған тегтерді жауып отыру керек. Кейбіреуі автономды элементтер болғандықтан HTML-тегтері соңы элементтерден тұрмайды. Мысалы графикалық бейне құжатына қою үшін, бейне тегі қолданылады. Сондай-ақ автономды тегтерде жолдарды бөлу (
), көлденең сызық (<HR>) және көрініс мазмұнына әсер етпейтін құжат туралы ақпараттан тұратын тегтер, мысалға: <META> және <BASE>. Ең көп таралған тег абзац тегі – <P> өйткені оны құжаттарда өте жиі қолданады, кейде оны әр абзацтың басына қояды. Бір абзац біткен кезде, келесі тег <P> браузерге: «Алдындағы абзацты аяқтап келесіні бастау керек» деп сигнал береді. Авторлардың көбі абзацтың соңғы тегін қолданбайды. Басқада соңғы тегтер бар, браузерлер жақсы жұмыс істейтін. Мысалы HTML-дың соңғы тегі </HTML>. Денген менде құжатты құруда шатаспау және қате кетіrmес үшін соңғы тектерді мүмкіндігінше қолданып отыру керек. Жалпы HTML форматында контейнерлерді құрау схемасының жазылу түрі: "контейнер" := "<тегің аты" "атрибуттардың тізімі" > контейнер мазмұны </"тегің аты">

HTML тегтерінің топтары

Барлық HTML тегтернің тағайындалуы мен әрекеттесу орталарын келесі негізгі түрлерге бөліп көрсетуге болады; Құжаттың құрлымын анықтайтындар;

Гипермәтін блоктарын өңдеу (параграфтар, тізімдер, кестелер, суреттер);

Гипермәтіндік сілтемелер немесе закладки; Диалог ұйымдары үшін формалар; Программаны шақыру.

Гипермәтіндік желінің құрлымы гипермәтіндік сілтемелермен беріледі. Гипермәтіндік сілтеме – бұл сілтемесі анықталған тематикалық, логикалық немесе құжатпен қандайда бір басқа тәсілмен байланысқан HTML құжатының басқа адресі немесе Internet – тің ақпараттық ресурсы. WWW жүйесінде гипермәтіндік сілтемелерді жазу үшін, Universe Resource Locator деп аталатын арнайы форма өңделіп шығарылған. Бұл өңделген форманы қолдануды келесі мысалда көруге болады: Бұл мәтін

```
<A HREF="http://polyn.net.kiae.su/altai/index.html">  
Гипермәтіндік сілтеме </A> – дан тұрады.
```

Жоғарыда көрсетілген мысалда HTML – де якорь (anchor) деп аталатын "A" тегін URL формасында бұл сілтемені жазу үшін, гипермәтіндік сілтемені (Hypertext Reference) білдіретін "HREF" атрибутын қолданады. Берілген сілтеме "polyn.net.kiae.su" желіде "http" протоколымен жүзеге асырылатын рұқсат "altai" директориясында "index.html" атпен жазылған құжатты көрсетеді. HTML – гипермәтіндік сілтеме екі класқа бөлінеді: жалпы және контексті гипермәтіндік сілтеме. Жалпы сілтемелер толықтай барлық құжаттармен байланысқан және құжатың кез келген фрагментің көру кезінде қолдану мүмкін уақытта, жоғардағы мысалда көрсетілгендей, контексті сілтемелер құжат денесінде вмантированный. Стандартты тілде, оның пайда болған кезінен бастап екі класс сілтемелері бар, бірақ алғашқы кезден бастап әйгілілік контекстік сілтемелерді қолданған. Бұл әйгілілік пайдалану механизімі жалпы сілтемелерді түгелдей "атрофирлеуге" әкеп соқты. HTML-құжатының құрлымы бірін-біріне қойған контейнерлерді қолдануға мүмкіндік береді. Құжаттың өзі – бұл <HTML> тегінен басталатын және </HTML> тегімен аяқталатын үлкен бір контейнер:

```
<HTML> құжаттың мазмұны </HTML>
```


HTML контейнері немесе гипермәтіндік құжат екі қойылған контейнерден тұрады: құжаттың тақырыбы (HEAD) құжаттың денесі (BODY): Класикалық құжаттың қарапаймы түрін қарастырайық: Netscape Communication компаниясы фрейм организациясының мүмкіншілігімен құжаттың класикалық формасын кеңейтті, онда жұмыс терезесін бірнеше бағынышсыз фреймдерге болуге болады. Әр фреймда өзінің HTML беті жазылған.

Өзін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Интернетте адресация: ip-адресі және URL.
2. HTML тілі. Таңбалар, тегтер, элементтер, атрибуттар.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Веб-дизайн/Дмитрий Кирсанов - СПб: Символ-Плюс, 2004-376 стр.
2. HTML 4.0 в подлиннике/HYPERLINK ".Матросов, HYPERLINK ".Сергеев, HYPERLINK "http://www.books.ru/shop/authors/235" Чаунин – СПб: BHV, 2000 – 672 стр.

Дәріс 9. HTML-құжатының контейнері

Дәріс мазмұны: Құжат бетінің тегі Белгілеуді басқару тегі Символдарды бейнелеуді басқару тегі Бейнелеу формасын басқару тегі Табуляция Тізім Гипермәтіндік сілтеме

HTML-құжатының контейнері

Әрбір құжаттың құрама бөліктерінде оның ішінде қолданылатын өзінің контейнер жинағы болады. Құжат денесінің контейнерлері тақырыпта немесе FRAMSET контейнерінде қолданылмайды. Контейнерлердің әрбір тобын толықтай қарастырайық. HTML-HEAD құжатының тақырыбының контейнерлері Құжат тақырыбы атрибут қажет етпейді. Тақырып тегінің басты тағайындалуы – бұа барлық құжаттардың бейнелеу параметрлерін түгелдей сипаттау. Бұндай параметрлерге құжаттарды бейнелеу стилін, гипермәтіндік сілтеменің жалпы базалық адресін, жалпы гипермәтіндік сілтеме, идентификатор және құжат атын және т.б. жатқызуға болады. Біз тек қана жиі кездесетін контейнерлерді қарастырамыз. TITLE Тақырып тегінде жиі қолданылатын құжат аты болып табылады. TITLE келесі синтаксисті алады

```
<TITLE> Құжат аты </TITLE>
```

TITLE тегінің мазмұны құжат атының алаңында бейнеленеді. BASE BASE тегі URL формасында гипермәтіндік сілтеме көрсету формасымен байланысты. URL спецификациясы құжат адресатының екі формасын анықтайды: толық және толық емес. HTML URL адресінің толықтай формасын қолдануға рұқсат етеді. Сонымен спецификацияның екінші формасын қолдану үшін, оны бірдемемен негіздеу керек, базалық адресі сурау толық еместен URL-дің толық формасын қалыптастыруда қолдануға болады. BASE тегі осы базаны анықтауға мүмкіндік береді. ISINDEX HTML-құжатын кілттік сөз бойынша іздеу мүмкіндігі құжат тақырыбының ISINDEX тегі арқылы анықталады. Тілдің алғашқы версиясында берілген тег қосымша атрибут қабылдамады. Егер сервер кілттік сөз бойынша сұраныс жасайтын болса, онда ол автоматты түрде тақырыпқа ISINDEX тегін қояды. Кілттік сөз тізімін клиент құжат адресіне "?" символдан кейін жазады. Түсінікті, сұранысты сервер атқарады, "?" символдар түгел болған кезде іздеу машинасына айналды. HTML-құжаты "жазғы" программасымен, сонда кілттік сөз "?"-кейін осы программаның адресіне жазылады. Тілдің алғашқы версиясында өңдеу программасын көрсету және "SEARCH ISINDEX" стандартының орнына сөйлемді сұрау мүмкіндігі туды.

```
<ISINDEX HREF=
```

HYPERLINK "http://polyn.net.kiae.su/cgi-bin/search" http://polyn.net.kiae.su/cgi-bin/search

```
PROMPT="Enter Keywords:">
```

Көрсетілген мысалда HREF атрибуты сұранысты өңдеу программасының адресін анықтайды, ал атрибут PROMPT – шақыру мазмұнын анықтайды. META META тегі HTML спецификациясында жоқ құжат тақырыбының конструкциясын анықтау үшін қажет. Ол үш атрибут қабылдайды: NAME, CONTENT, HTTP-EQUIV. Берілген текті қолдану қиындығы, осы тег арқылы еңгізілетін конструкцияны интерпретациялау үшін, сервис немесе интерфейс қолданушылар осы конструкцияны

кеңейтуі және қолдануы керек. Осындай жұмыс түрі үшін программа SGML конструкциясын түсіндіріп беру(интерпретировать) керек. Берілген тегті тәжірибеде қолданудың бірден-бір түрі тақырыпқа анықталған HTTP-EQUIV атрибуты арқылы протокол бойынша HTTP ақпаратын қосу.

```
< META HTTP-EQUIV="Keywords"
CONTENT="Plasma, Nuclear Physics">
```

Осындай қолдану кезінде почтаны жіберуге ыңғайлы болу үшін, HTTP-пакет тақырыбында мынадай жолдар қосылады: Keywords: Plasma, Nuclear Physics. Құжат денесінің тегі. Құжат денесінің тегі интерфейстік қолданушы программасында ақпаратты көрсетуді басқарады. Олар мәтінде тізілген контекстік гипермәтіндік сілтеме көмегімен деректер базасының гипермәтіндік құрылымын бейнелейді. Құжат денесі тұрады: -иерархиялық контейнер және заставка;

- тақырыптар (H1-P6 дейін);
- блоктар(параграфтар, тізімдер, формалар, кестелер, суреттер және т.б.);

-көлденеңінен белгілеп алу және адрестер;

- мәтіндер, стильдерді жүргізу облыстарына бөлінген(сызылған, белгіленген, курсивті);

-математикалық бейнелеу, графиктер және гипермәтіндік сілтеме; BODY Құжат денесінің тегін бейнелеу BODY тегі арқылы бастап жазылады. HEAD тегінен айырмашылығы, BODY тегі атрибут қабылдайды: ID-тег идентификаторы. Тегті атау үшін, сол сияқты гипермәтіндік сілтеме бойынша нүктелік ауысу түрінде қолданылады. Берілген атрибут құжат бетінің барлық тегінде бар. LANG-екісандық ISO-639 код түрінде құжат тілін анықтайды, нүктеден кейін міндетті емес ISO-3166 форматында қала коды алынады. Тіл стандартын құраушылардың ниеті бойынша берілген атрибут түсіндіру программасын тану және көптілді мәтінді бейнелеуді басқару керек. Сонымен қатар Arena да, арнайы HTML 3.0 иллюстрациялау үшін арналған, ол осы мүмкіндікті іске асырмайды. CLASS-"ADDITION.FIRST" типті иерархиялық құрылған ат. Мәтін тегін, анықталған бейнелеу стилімен байланыстыруға арналған. Қазіргі кезде қолданылмайды. Жоғарыда көрсетілген үш атрибут дене тегіне жалпы болып табылады және алдағы уақытта оларды қарастырмаймыз. Егер атрибут құжат мәтіннің дене тегінде кеңейтілмесе, онда ол арнайы көрсетіледі. BACKGROUND-құжат мәтінін бейнелейтін фонды анықтайды, мысалы, HTML-құжатында фон ретінде үлкен емес графикалық кескін "bgr.gif" қолданылады.

```
< BODY BACKGROUND ="bgr.gif">
```

Осы мысалда көрсетілгендей, берілген атрибуттың мәні ретінде URL формасында қысқартылған адрес қолданылады. Бұл локальдық файл адресі. Белгілеу тегін басқару. Тақырыптар. Тақырыптар құжаттың бастапқы бөлімін қарастырады. Стандартта тақырыптың алты деңгейі анықталған: H1-ден H6-ға дейін. Мәтін, <H1></H1> тегімен қоршалған, үлкен көлемде болады-бұл басты тақырып. Егер мәтін <H2></H2> тегімен қоршалса, онда ол бірнеше есе кішірек көрінеді; ішкі мәтін <H3></H3> одан да кішірек және ары қарай <H6></H6> дейін. Кейбір программалар тақырыптың көп санын қолдануға мүмкіндік береді, бірақ та үш деңгейден көбі сирек кездеседі, ал бестен көбі тіпті сирек кездеседі. ALIGN атрибуты ALIGN атрибуты мәтінді сол жақ шетке, оң жақ шетке, ортаға және ені бойынша теңестіруге арналған. Үнсіздік бойынша мәтін сол жақ шетке қарай теңестіріледі. Берілген атрибутты сол сияқты кестеге және графикке қолданамыз.

Келесі кесте ALIGN атрибутының мүмкін мәнін анықтайды. Мән Қолданылуын сипаттау Left Right Justify Center Сол жақ шетке теңестіру Оң жақ шетке теңестіру Сол және оң жақ шетке теңестіру Ені бойынша теңестіру

Justify мәні интерпретацияның барлық программаларында іске асырылмаған.

Айналдыру (оборачивание)

ALIGN атрибутының көмегімен сіз мәтінді графикалық объектінің айналасында <орап қою> болады. Ол үшін тегін графикалық объект тұратын жерге апарып қою керек және ALIGN=LEFT, ALIGN=RIGHT және ALIGN=CENTER атрибутын қосу қажет. Одан басқа HSPACE= және VSPACE= атрибутының (олар төменде сипатталады)

көмегімен бейнені мәтіннен айыратын тік және көлденең алаң ұзындығы сұралады. Сонымен қатар бейненің айналасына рамка құруға және кестені мәтінмен жиектеуге болады. Жалпы айтқанда, CLEAR барлық блоктық тегтер үшін жалпы болып табылады, бірақ та барлығына да іске асырылған жоқ.. CLEAR келесі мәндерді қабылдайды:

Мәні Тағайындалуы Left Беттің сол жақ шетінде орналасқан суретті өткізу Right Беттің оң жақ шетінде орналасқан суретті немесе кестені өткізу All Суреттің немесе кестенің алдында тұрған мәтінді ұзу және төменде жалғастыру

CLEAR атрибутында сандық мәнді де көрсетуге болады:

```
<P CLEAR="100 pix">  
<BR> тегі
```

Жолдың аударылымы мәтінді бейнелеудің стандарттар ретін бұзу үшін қолданылады. Интерпретацияның қарапайым режимінде қолданушының интерфейс программасы мәтінді автоматты түрде жолдарға бөлу арқылы жұмыс терезесінде көрсетеді. Бұл режимде мәтінде бар болған соңғы жол ескерілмейді. Кей-кезде үлкен айқындық үшін басуды жаңа жолдан бастау керек. Ол мақсатта
 тегі қолданылады.
 тегіндегі CLEAR атрибуты көрсетілген нүктеде объектіні мәтінмен сүйірлеу(обтекание) үшін қолданылады және содан кейін мәтінді объектінің ар жағында бос областа жалғастыру үшін. Объектінің ар жағында жалғасып жатқан мәтін CLEAR атрибутында LEFT, RIGHT және ALL мәндеріне сәйкес тегістеледі

```
<BR CLEAR =LEFT>
```

Мәтін сол жақтағы жақын арадағы бос алаңнан бастап жалғастырылады

```
<BR CLEAR =RIGHT>
```

Мәтін оң жақтағы жақын арадағы бос алаңнан бастап жалғастырылады

```
<BR CLEAR =ALL>
```

Мәтін сол және оң жақтағы алаң бос болғанда жалғастырылады

```
<NOBR> тегі
```

<NOBR> тегі (No Break, үзіліссіз) браузерге барлық мәтінді бір жолда үзіліссіз бейнелеуге нұсқау береді. Егер <NOBR> тегінде бекітілген мәтін экранға сыймаса, браузер құжат терезесінің төменгі бөлігіне горизонтальды айналдыру жолағын қосады. Егер сіз айқын жерден жолды алып тастағыңыз келсе, сол жерге
 тегін қойыңыз. Символдарды бейнелеуді басқару тегі Бұл тегтерді екі классқа бөлуге болады: бейнелеу формасын басқару тегі (font style) және ақпарат типін сипаттайтын тегтер (information type). Өртүрлі тегтер бейнелеу кезінде бірдей нәтиже көрсетеді. Ол басты жағдайда програманы түсіндірушінің жөндеуіне және қолданушының ұнатуына байланысты. Бейнелеу формасын басқару тегі Курсив, күшейту, асты сызылған, жоғарғы индекс, төменгі индекс, үлкен шрифт, кіші шрифт, қызыл, көк, өртүрлі комбинациялар – бетті көркемдеуге және функциональдауға мүмкіндік береді. Internet Explorer және Netscape Navigator Face= атрибутының көмегімен шрифты анықтауға болады. Енді бір бетке бірнеше шрифт түрлерін біріктіруге болады.

```
SIZE=атрибуты
```

 тегіндегі SIZE=атрибуты берілген областа мәтін мөлшерін сұрауға мүмкіндік береді. Егер сіз барлық беттің шрифт мөлшерін беру үшін <BACKGROUND SIZE =n> тегін қолданбасаңыз, онда үніздік бойынша 3 алынады.

```
<BIG> және <SMALL> тегтері  
<BIG></BIG> және <SMALL></SMALL> тегтері арасында орналасқан мәтін сәйкес келеді.  
COLOR=xx атрибуты
```

Егер сіз өзіңіздің бетіңізді одан әрі әдемілегіңіз келсе, онда тегіндегі COLOR= атрибутын қолдануыңызға болады және басты шектеу компьютердегі қолданушылардың түстер палитрасы болады. Өзірше тек қана танымал браузерлер шрифт түсін бейнелейді.

 тегін шрифт түсін ауыстыруға қолданады.

Бейнелеу формасын басқару тегтері Тегтер Мәні

<I>...</I>
Курсив (Italic)
...
Усиление (BOLD)
<TT>...</TT>

Телетайп

<U>...</U>

Асты сызылған

<S>...</S>

Сызылған текст

<BIG>...</BIG>

Үлкейтілген фонт

<SMALL>...</SMALL>

Кішірейтілген фонт

_{...}

Жолма-жол символдар

^{...}

Жол үсті символдар

